

**Баспасөз хабарламасы***Астана қ., 2022 жылғы 20 желтоқсан***«Астрахань-Маңғышлақ» магистральды су құбырын реконструкциялау және кеңейту жобасы Қазақстанның батысындағы суға деген артып келе жатқан сұранысты айтарлықтай өтей алады**

«Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырын қайта құру және кеңейту жобасы бойынша БАҚ-та жарияланған хабарламаларға қатысты «ҚазТрансОйл» АҚ ірі инфрақұрылымдық жобаны іске асыру Атырау және Маңғыстау облыстары тұтынушыларының артып келе жатқан сұраныс деңгейін сапалы, сенімді және үздіксіз сумен қамтамасыз ету арқылы едәуір түрде өтей алатын жеткізеді. Атап айтқанда, Атырау облысындағы 16 елді мекен және бір қала, Маңғыстау облысындағы 17 елді мекен мен бір қала, оның ішінде ауыл шаруашылығы объектілері бар. Бұл инфрақұрылымдық жобаның әлеуметтік маңыздылығымен қатар, мұнай-газ саласы кәсіпорындарының тұрақты жұмысы үшін де қажет екенін атап өткен жөн.

«ҚазТрансОйл» АҚ-тың жұртшылықпен байланыс және ішкі коммуникациялар департаментінің директоры Шыңғыс Ілиясовтың айтуынша, Атырау және Маңғыстау облыстарында гидроресурстардың тапшылығы жақын арада айтарлықтай байқалады. «Қазірдің өзінде өңірде ауыз су тапшылығы сезілуде, ал Атырау облысында алдағы бес жылда оның тапшылығы 40% - ға дейін артуы мүмкін. Мәселе әсіресе жазғы кезеңдерде өткір. «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырын қайта құру және кеңейту жобасы өсіп келе жатқан қажеттілікті едәуір дәрежеде жабуға қабілетті», - дейді Ш.Ілиясов.

«Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырын қайта құру және кеңейту жобасы мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес іске асырылады. Жобаны іске асыру шарттарында оның шығынсыздығы, яғни салынған инвестициялардың өтелімділігі, қарыздарға қызмет көрсету және су құбырын пайдалану шығындарын жабу көзделеді. Жоба «ҚазТрансОйл» АҚ үшін маңызды инфрақұрылымдық және әлеуметтік міндеттерді орындай отырып, коммерциялық тұрғыда бейтарапты болып табылады. Жобаны іске асыру үшін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі барлық рәсімдер «Самұрық-Қазына» АҚ –тың Сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады. Ал ол ашықтық, транспаренттілік және барлығына тең мүмкіндіктер беру қағидаттарына негізделген.

«Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбыры - Атырау және Маңғыстау облыстарының бірнеше аудандарының, сондай-ақ Жаңаөзен қаласының

тұрғындары үшін тұщы су берудің жалғыз орталықтандырылған көзі. Су құбыры 1988 жылы пайдалануға берілді, 30 жылдан астам уақыт жұмыс істейді және желілер ұзындығының 94% -пайыз көлемі 87% - ға тозған. Су айдау мүмкіндігі тәулігіне 110 мың текше метрді құрайды. «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырын қайта құру және кеңейту жобасы шеңберінде оның өндірістік қуаты тәулігіне 170-200 мың текше метрге дейін жеткізілетін болады. Жобаны іске асыру мерзімі 2022 - 2023 жж.

Анықтама:

«ҚазТрансОйл» АҚ - Қазақстан Республикасының магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық операторы. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие.

«ҚазТрансОйл» АҚ еншілес ұйымы – «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС жалпы ұзындығы 1945,1 км «Астрахань-Маңғышлақ» су құбыры бойынша су жеткізу бойынша қызметтер көрсетеді, «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырының жолы Атырау және Маңғыстау облыстарының аумағы арқылы өтеді. 2021 жылы тұтынушыларға 29 387122 текше метр су жеткізілді.

**«ҚазТрансОйл» АҚ  
жұртшылықпен байланыс  
және ішкі коммуникациялар департамент**